

3. Ақышев А.К., Асылбеков М.Х., Байпақов К.М., Қасымбаев Ж.Қ., Қозыбаев. М.К. Қазақстан тарихы көне заманнан бүгінге дейін (очерк). - Алматы: Дәуір,1994.

Хафиз Таныш. Шараф-наме-йи шахи. РФА Шығыс қолжазбалары институты. - Алматы: Полилингва баспасы,2018.

## ТАЯУ ШЫҒЫСТАҒЫ ТҰРАҚСЫЗДЫҚ ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІККЕ ӘСЕРІ

Екудаева С.А.

Ғылыми жетекшісі: г.ғ.м., оқытушы Мустафин Е.Е.  
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті  
[erka.erka.101@mail.ru](mailto:erka.erka.101@mail.ru)  
Қарағанды қ.

Таяу Шығыс-әлемдік геосаясаттағы ерекше маңызға ие, бірақ сонымен бірге тұрақсыздықтың ошағы болып табылатын аймақ. Бұл аймақ ежелден бері өркениеттердің, діндердің және мәдениеттердің тоғысқан жері ретінде танымал. Алайда бүгінгі таңда Таяу Шығыс қақтығыстар мен саяси дағдарыстардың, сондай-ақ әлеуметтік-экономикалық теңсіздіктің күрделі түйініне айналып отыр. Мұндағы ұзаққа созылған соғыстар, ішкі және сыртқы қақтығыстар, шекаралық дау-дамайлар халықаралық қауіпсіздікке тікелей әсер етеді. Сонымен қатар, табиғи ресурстардың молдығы, әсіресе мұнай мен газдың үлкен қоры, бұл аймақты әлемдік державалардың назарында ұстап отыр. Таяу Шығыс мәселелерін терең зерттеу қазіргі заманғы халықаралық қатынастардың күрделілігін, тұрақсыздық себептерін және олардың жаһандық деңгейде тигізетін әсерін түсінуге мүмкіндік береді.

1947 ж. Біріккен Ұлттар Ұйымының Қауіпсіздік Кеңесі Палестина жерінде екі тәуелсіз араб және еврей мемлекетінің құрылуы туралы шешім қабылдады. Таяу Шығыс аймағында өз мүдделерін көздеген алып державалардың қитұрқы саясатының қолдауымен құрылған Израиль мемлекеті осы аймақтағы халықтардың өміріне түбегейлі өзгерістер енгізді. Адамзат пайда болғалы бері әлем халықтарының діни, рухани өркениетінің ошағы болған жер қанды қырғын соғыстардың алаңына айналды [1, 3 б.].

Қазақстан Республикасының Бірінші Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауында: «Біздің еліміздің сыртқы саясаттағы басымдықтарының қатарында Азия мен Таяу Шығыстың негізгі елдерімен өзара іс-қимылға зор маңыз беріледі»-деп атап көрсетілген [2, 43 б.].

Таяу Шығысқа біздің еліміз сыртқы саяси байланыстарымыз жүйесінде маңызды орын береді. Бұл үш ірі құрылық: Еуропа, Азия, және Африка түйісінде орналасқан осы аймақтың бірегей геосаяси жағдайымен байланысты. Бұл жерде көмірсутегі шикізатының әлемдік қорларының үштен екісі жатқанын қоса алғанда, адамдық және экономикалық елеулі ресурстар шоғырланған. Көрсетілген жағдаяттар қазіргі халықаралық қатынастарда Таяу Шығыстың барған сайын артып отырған заңды рөлін көрсетеді [3, 186 б.].

Қазіргі таңда шиеленісті реттестірудің бір ғана тиімді жолы бейбіт келісім екенін аймақтағы барлық елдер мойындап отыр. Бірақ өкінішке орай әлі де болса жекелеген мемлекеттік басшылар мен саяси ұйымдардың ұстанымдарынан аймақтағы жағдай әлі де қарулы қақтығыстарға ұласып, мемлекеттердің қауіпсіздігі қамтамасыз етілмей отыр. Осыған орай, жер шарының түкпір-түкпірінде орын алып отырған шиеленістердің пайда болуы мен олардың реттестірілуіне кедергі түйткілдің себебін елбасымыз Н.Ә.Назарбаев өзінің «Сындарлы он жыл» атты ой-толғамдық еңбегінде былайша көрсетеді: Әр түрлі ендікте лаулаған әлде тұтана бастаған сандаған шиеленістер мен теке тірестердің негізінде қарапайым ғана «жарастықта өмір сүре алмаушылық» жатыр. Дәлірек айтқанда, жарасымды қамтамасыз етуге икемсіздік пен бейбіт мәмілеге қол жеткізуге сендіре алмаушылық жатыр. Сол икемсіздік те, сендіре алмаушылық та іске қатысы барларға байланысты [4, 9 б.].

Таяу Шығыстағы тұрақсыздықтың түпкі себептері аймақтың ұзақ әрі күрделі тарихында жатыр. Бұл аймақ ежелгі Месопотамия мен Египет өркениеттерінің бесігі саналған дәуірден бастап, Парсы империясы, Рим, Византия және Осман империяларының ықпалына ұшырады. Тарихи оқиғалар мен осы империялардың ауысуы аймақтың әлеуметтік, этникалық және саяси құрылымдарын үздіксіз өзгеріске ұшыратты.

Қазіргі тұрақсыздықтың көріністері көбінесе осы ұзақ тарихи процестердің нәтижесі болып табылады. Таяу Шығыс - этникалық және діни тұрғыдан ерекше алуан түрлі аймақ. Мұнда арабтар, парсылар, түріктер, күрдтер сияқты этностар, сондай-ақ исламның суннизм мен шииттік тармақтары, христиандық және иудаизм сияқты дін өкілдері мекендейді. Бұл ерекшеліктер аймақтағы саяси шиеленістер мен қақтығыстардың туындауына негізгі себептердің бірі болды. Сонымен қатар, Таяу Шығыстың шекараларының отарлық кезеңде жасанды түрде белгіленуі, әсіресе Сайкс-Пико келісімі сияқты оқиғалар, аймақтың қазіргі саяси тұрақсыздығына айтарлықтай әсер етті. Елдердің арасындағы шекаралық даулар, мұнай ресурстарын бақылау үшін күрес және сыртқы державалардың ықпалы да аймақтың тұрақтылығы мен бейбітшілігін бұзып отыр.

Бірінші дүниежүзілік соғыстың нәтижесінде аймақтағы көптеген саяси карталар түбегейлі өзгерді. Осман империясының құлауы және оның аумағында жаңа мемлекеттердің құрылуы аймақтың саяси географиясын қайта анықтады. Бұдан бұрын осы аймақты басқарған Осман империясының саяси ықпалы

тоқтап, оның орнында жаңа ұлттық мемлекеттер мен шекаралар пайда болды. Франция мен Ұлыбританияның мандаттары аймақтың саяси өмірінде өз іздерін қалдырды. 1916 жылы Сайкс-Пико келісімі бойынша Франция мен Ұлыбритания Таяу Шығыс аумағын өз арасында бөлісіп, араб мемлекеттері мен түріктердің тәуелсіздігіне кедергі келтірді. Бұл халықаралық келісімдер аймақтағы шекараларды бұзып, этникалық және діни топтардың арасында жаңа бөліністерге әкелді. Әсіресе, арабтар мен түріктердің арасында тарихи жеккөрушіліктер мен қақтығыстар пайда болды, ал арабтардың ұлттық мемлекет құруға ұмтылыстары көптеген мемлекеттердің қолдауына ие болмады [5, 25 б.].

Таяу Шығыстағы тұрақсыздықтың тағы бір маңызды тарихи факторы- аймақтың діни және этникалық құрамының күрделілігі. Бұл аймақтың басты діни топтары-мұсылмандар (сунниттер мен шииттер), христиандар, яһудилер және басқа да азшылық топтар. Олар арасында ұзақ ғасырлар бойы үзілмеген діни және этникалық шиеленістер орын алған. Діни конфессиялар мен этникалық топтардың арасында әрдайым өзара келісімге келе алмау аймақтың саяси тұрақсыздығына әкелді. Таяу Шығыстағы көптеген елдерде саяси билік көбінесе бір діни немесе этникалық топтың қолында болды, ал басқа топтар шеттетілді және саяси ықпалдан айырылды. Мысалы, Иракта сунниттердің үстемдігі уақытында шииттер мен күрдтер маргинализацияланды, ал Сирияда Алеви мұсылмандарының билікке келуі басқа діни топтармен шиеленістерді күшейтті.

Таяу Шығыстағы көптеген мемлекеттердің басқару жүйелерінің авторитарлық сипаты да тұрақсыздықтың саяси себебі болып табылады. XX ғасырдың ортасында аймақта көптеген мемлекеттер тәуелсіздікке қол жеткізгенімен, олардың көпшілігінде саяси жүйелер күшті билікке сүйенді. Авторитарлық режимдер халықтың саяси қатысуын шектеді, азаматтық құқықтарды бұзды, соның салдарынан халықтың наразылығы күшейді. 2011 жылғы Араб көктемі осы авторитарлық билікке қарсы шыққан халықтық толқулардың нәтижесі болды. Таяу Шығыстың көптеген елдерінде, мысалы, Египетте, Тунис пен Ливияда халық көшеге шығып, үкіметтерді құлату үшін күресті. Алайда, бұл өзгерістердің көбісі жаңа тұрақты саяси жүйенің қалыптасуына әкелмеді, керісінше, көптеген елдерде азаматтық соғыстар мен қақтығыстар орын алды [6, 82 б.].

Аймақтық қақтығыстар халықаралық қауымдастыққа кері әсер тигізеді. Мысалы, қақтығыстар халықаралық терроризмнің көбеюіне және босқындар санының артуына ықпал етеді. Бұл жағдай Еуропа мен көрші мемлекеттерге қосымша жүк түсіреді. Сонымен қатар, экстремистік топтардың пайда болуы терроризмнің таралуына алып келеді.

Таяу Шығыстағы тұрақсыздықтың салдарларының бірі-аймақта қару-жарақтың заңсыз айналымының кеңеюі және қаруланудың артуы болып табылады. Соңғы онжылдықта Сирия, Ирак, Йемен сияқты елдердегі қарулы қақтығыстар қару-жарақтың қара нарықта кеңінен таралуына мүмкіндік берді. Қару-жарақтың аймаққа заңсыз кіруі көбіне халықаралық сауда жолдары арқылы жүзеге асырылады және бұл жағдай радикалды топтар мен террористік ұйымдардың өз позицияларын нығайтуына септігін тигізеді. Мысалы, Сирия мен Ирактағы қақтығыстар кезінде террористік топтар контрабандалық жолдар арқылы қаруды өздері үшін тиімді шарттармен сатып алды. Бұл қарулардың бір бөлігі көршілес елдерге де заңсыз түрде жеткізіліп, Таяу Шығыстағы көршілес мемлекеттердегі тұрақтылыққа қауіп төндіріп отыр. Зерттеулер көрсеткендей, мұндай қару-жарақтың көп болуы аймақтағы азаматтық қақтығыстарды одан әрі ушықтырып, қылмыс деңгейінің артуына ықпал етеді.

Айта кететін жайт, қару-жарақтың заңсыз таралуы тек экстремистік топтармен шектелмейді. Аймақтағы қарулы қақтығыстардың нәтижесінде қарапайым азаматтардың қолына да қарулар көптеп түсіп, олардың күнделікті өмірінде қолданылуына себеп болуда. Бұл әсіресе Йемен мен Ливия сияқты елдерде көрініс тапты, мұнда қару-жарақтың көптігі қылмыстық топтардың әрекетін күшейтіп, азаматтық қауіпсіздікті төмендетіп отыр [7, 93 б.].

Халықаралық қауымдастық үшін Таяу Шығыстағы қару-жарақтың таралуы жаһандық қауіпсіздікке үлкен қауіп төндіреді, себебі бұл қарулардың таралуы басқа аймақтарға да ықпал етеді. Мысалы, қару-жарақтың заңсыз экспорты Еуропа мен Африка елдеріне де әсер етіп, ол аймақтарда да қақтығыстардың өршуіне әкелуі ықтимал. Сондықтан халықаралық ұйымдар мен мемлекеттер Таяу Шығыстағы қару-жарақтың таралуын қатаң бақылауға алу қажеттілігін жиі көтереді.

Сонымен қатар, аймақтағы табиғи ресурстарға бай болуы да халықаралық қызығушылықты арттырып, сыртқы елдердің араласуына себеп болды. Таяу Шығыстың мұнай мен газ қорлары әлемдегі ең үлкен қорлар болып табылады. Осы табиғи ресурстардың бақылауына ие болу үшін аймақтағы түрлі мемлекеттер мен ұйымдар бір-бірімен қақтығысып отырды. АҚШ-тың Иракқа басып кіруі, сондай-ақ басқа да елдердің экономикалық мүдделері аймақтық тұрақсыздықты тереңдетті. Сонымен қатар, мұнай өндірісіне қатысты экономикалық бәсекелестік аймақтағы саясаттың негізгі драйверлерінің бірі болып табылады.

Аймақтағы тұрақсыздықтың экономикалық салдары. Аймақтағы тұрақсыздық халықаралық экономикаға бірнеше маңызды жолдармен әсер етеді. Біріншіден, бұл аймақ әлемдік мұнай қорының негізгі бөлігін иеленетіндіктен, кез келген тұрақсыздық мұнай өндірісінің көлеміне және әлемдік нарықтағы бағасына тікелей әсер етеді. Мұнай бағасының тұрақсыздығы жаһандық экономикаға кері әсерін тигізеді, өйткені көптеген елдер өздерінің энергетикалық қажеттіліктерін Таяу Шығыстан алынатын мұнаймен қамтамасыз етеді. Екіншіден, тұрақсыздық аймаққа шетелдік инвестициялар көлемінің төмендеуіне әкеледі. Көптеген халықаралық компаниялар тұрақсыз аймақтарға инвестиция салудан тартынады, себебі мұндай инвестициялар жоғары тәуекелмен ерекшеленеді. Соның нәтижесінде, аймақтық экономика әлсірейді, жұмыссыздық деңгейі

өседі, ал аймақтағы әлеуметтік жағдайлар күрделене түседі. Үшіншіден, тұрақсыздық Таяу Шығыстағы негізгі көлік дәліздеріне де әсер етеді. Суэц каналы және Ормуз бұғазы сияқты негізгі сауда бағыттарындағы тұрақсыздық кезінде бұл бағыттарда қауіп төнеді. Бұл дәліздердегі қақтығыстар немесе лаңкестік шабуылдар қауіпсіздік шығындарының өсуіне әкелді және көптеген компаниялар басқа бағыттар іздеуге мәжбүр болды, бұл халықаралық сауда құнын арттырады. Соңында аймақтық тұрақсыздық нәтижесінде босқындар мен мигранттар санының көбеюі де экономикалық жүктемеге айналады. Көбінесе бұл мигранттар көршілес елдерге және Еуропаға бағытталып, қабылдаушы елдерге әлеуметтік-экономикалық қысым түсіреді. Босқындарды орналастыру мен оларды интеграциялауға арналған шығындар қабылдаушы елдердің экономикасына қосымша жүктеме болып отыр [5, 35 б.].

Таяу Шығыс елдеріндегі экономикалық және әлеуметтік қиындықтар аймақтың тұрақсыздығының басты себептері болып табылады. Бұл қиындықтар аймақтағы халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайын нашарлатып қана қоймай, саяси жүйелердің әлсіздігін тереңдетіп, қоғамдағы наразылықтардың артуына себепші болады. Таяу Шығыстағы елдердің көпшілігі экономикалық тұрғыдан мұнай мен газ ресурстарына тәуелді болып табылады, бірақ мұнай бағасының төмендеуі мен ресурстардың шектелуі аймақтық экономиканы дағдарысқа ұшыратты. Осыған байланысты, Таяу Шығыс мемлекеттері әрқашан экономикалық диверсификация мәселесін көтеріп келеді, алайда бұл процестер баяу жүріп жатыр. Әсіресе жұмыссыздықтың жоғары деңгейі, әсіресе жастар арасында, Таяу Шығыстың экономикалық ахуалына теріс әсер етіп отыр. Мысалы, Ирактағы жұмыссыздық деңгейі 25%-ға дейін жетсе, Египет пен Ливан сияқты елдерде жастар арасындағы жұмыссыздық көрсеткіштері 30%-дан асады. Бұл жағдай әлеуметтік шиеленістерді, қақтығыстарды және теріс әлеуметтік көзқарастардың қалыптасуын тудырып отыр. Таяу Шығыс елдеріндегі кедейлік пен теңсіздік деңгейінің жоғары болуы тұрғындардың негізгі қажеттіліктерін қанағаттандыруда қиындықтар туғызады, бұл қоғамдық наразылықтарға себепкер болып, халықаралық қауіпсіздікке қауіп төндіреді [8, 45 б.].

Әлеуметтік тұрғыда Таяу Шығыстағы елдерде білім беру мен денсаулық сақтау қызметтерінің сапасының төмендігі, сондай-ақ әлеуметтік қызметтердің жеткіліксіздігі айтарлықтай проблема болып табылады. Білім беру жүйесінің төмен деңгейі мен жастардың еңбек нарығына дайын еместігі аймақтың болашақта тұрақты дамуына кедергі келтіреді. Сонымен қатар, сыбайлас жемқорлықтың кеңінен таралуы, әсіресе мемлекеттік мекемелерде, экономиканың дамуына кедергі келтіріп, халықтың наразылығын арттырады. Мысалы, Ливан мен Сирияда сыбайлас жемқорлық мәселесі аса өткір болып, мемлекет ішіндегі экономикалық ресурстардың дұрыс бөлінбеуі халықтың өмір сүру деңгейін төмендетеді. Бұл әлеуметтік теңсіздікті арттырып, әлеуметтік қақтығыстарды тереңдетеді, әсіресе аймақтағы халықтың көп бөлігін құрайтын кедей топтардың жағдайы жақсарар емес. Әлеуметтік тұрақсыздық пен экономикалық қиындықтар араласқан кезде, бұл жағдай аймақтағы радикалды топтардың қолдау табуына мүмкіндік береді, өйткені әлеуметтік әділетсіздік сезімі, әсіресе жастар арасында, экстремистік идеологиялардың таралуына жағдай жасайды. Осындай ауқымдағы экономикалық және әлеуметтік қиындықтар Таяу Шығыстың халықаралық қауіпсіздікке қосымша ауыртпалық салуда [9, 76 б.].

Таяу Шығыстағы тұрақсыздықтың көп қырлы және терең себептері бар. Аймақтың геосаяси жағдайы, этникалық және діни әртүрлілігі, сондай-ақ әлемдік державалардың саяси ықпалдары оның тұрақсыздық деңгейін арттырып отыр. Өткен ғасырлардағы тарихи оқиғалар, әсіресе Осман империясының құлауы мен 20-шы ғасырдағы шекаралық өзгерістер аймақтық шиеленістерге негіз болды. Ал жаңа мемлекеттер мен саяси құрылымдардың қалыптасуында әділетсіздік пен теңсіздік көп жағдайда бейбітшілік пен тұрақтылықтың орнауына кедергі келтірді.

Таяу Шығыстағы мемлекеттердің көпшілігі авторитарлық басқару жүйесін ұстанғандықтан, халықтың саяси қатысуы мен еркіндігі шектеліп, әлеуметтік теңсіздік пен экономикалық қиындықтар арта түсті. Бұл жағдай халықтың наразылығын туғызып, бірнеше елде революциялық толқулар мен азаматтық соғыстарға жол ашты. Сонымен қатар, сыртқы күштердің ықпалы мен шетелдік әскери интервенциялар аймақтағы тұрақсыздықты күшейтіп, жаңа қақтығыстардың ошағына айналды.

Таяу Шығыстағы тұрақсыздықтың жаһандық қауіпсіздікке тигізетін әсері айқын көрініп отыр. Аймақтағы энергетикалық ресурстар мен стратегиялық маңызы бар жолдар әлемдік экономика мен халықаралық саясатта үлкен рөл атқарады. Терроризм мен экстремизмнің таралуы аймақтық емес, ғаламдық қауіпке айналғаны белгілі. Осы себептен, аймақтағы тұрақтылықтың бұзылуы тек Таяу Шығысты емес, бүкіл әлемді алаңдататын мәселе болып табылады.

Бұл мәселелерді шешу үшін Таяу Шығыстағы елдер арасында бейбіт келіссөздер жүргізу және саяси реформаларды қолдау маңызды. Аймақтық мәселелерге сыртқы күштердің араласуы және көмек көрсетуі Таяу Шығыстың саяси жағдайын тұрақтандыруға ықпал етеді.

Аймақтық тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету жолдары көпқабатты және жан-жақты болуы тиіс. Біріншіден, экономикалық реформаларды жүргізу арқылы елдердің ішкі тұрақтылығын нығайту маңызды. Бұл аймақтағы халықтың өмір сүру деңгейін көтеруге және қақтығыстарды азайтуға ықпал етеді. Екіншіден, халықаралық қоғамдастықтың араласуы арқылы аймақ елдері арасындағы бейбіт келіссөздер мен дипломатиялық қатынастарды жақсарту қажет. Бұған қоса, мәдениетаралық диалогты дамыту және халықтардың өзара түсіністігін арттыру арқылы ұзақ мерзімді бейбітшілікті қамтамасыз етуге болады. Таяу Шығыстағы бейбітшілік пен тұрақтылықты қамтамасыз ету тек аймақтық күштердің ғана емес, сонымен қатар халықаралық қауымдастықтың да ортақ мақсаты болуы тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Актаулова Б.Ж. Таяу Шығыс шиеленісі және Египеттің саясаты (1947-1981 жж.). - Алматы, 2009.
2. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан-2030: Қазақстан халқына ел Президентінің жолдауы. – Алматы: Юрист, 2003.
3. Қасымжомарт Тоқаев. Қазақстан Республикасының дипломатиясы. – Алматы: ГӨ Пбк “Gauhar”, 2002.
4. Назарбаев Н.Ә. Сындарлы он жыл.- Алматы: Атамұра, 2003.
5. Смирнов А.В. Таяу Шығыстағы тұрақсыздық және оның себептері. – М: Халықаралық қатынастар, 2017.
6. Смирнов А.В. Таяу Шығыс: саяси және діни шиеленістер. – М: Халықаралық қатынастар, 2017.
7. Алиев Б. Қауіпсіздік және қақтығыстар: Таяу Шығыс мысалы. - Алматы Қазақ университеті, 2019.
8. Шаріпов М. Таяу Шығыс елдеріндегі экономикалық тұрақсыздық: себептері мен салдары. - Алматы: ҚазМҰУ баспасы, 2022.
9. Сайфуллин, А. Таяу Шығыстағы әлеуметтік- экономикалық қиындықтар және тұрақсыздыққа әсері. - Астана: Еуразия университеті баспасы, 2021.

### ҚЫПШАҚ ДАЛАСЫНЫҢ ҰЛЫ ТҮЛҒАСЫ-БЕЙБАРЫС СҰЛТАН

Мұқият А.

Ғылыми жетекшісі: Демеуова Н.К.

С.Сейфуллин атындағы ҚАЗУ

[nurgul\\_dk@mail.ru](mailto:nurgul_dk@mail.ru)

Астана қ.

Андатпа: Бұл мақалада Бейбарыс сұлтанның өмірі мен тарихи рөлі талданады. Оның ерлігі, көшбасшылық қасиеттері және Мысыр мемлекетінің дамуына қосқан үлесі қарастырылады. Бейбарыс сұлтан қазақ халқының батырлық рухын көрсететін тұлға ретінде сипатталады. Оның әскери жетістіктері мен мемлекет басқарудағы стратегиялары ортағасырлық тарихтағы ерекше құбылыс ретінде қарастырылған. Мақалада тарихи деректер мен заманауи зерттеулер негізінде Бейбарыстың қазақ тарихындағы және әлемдік тарихтағы орны көрсетіледі.

Кілт сөздер: Бейбарыс сұлтан, Мысыр, батырлық, көшбасшылық, тарихи мұра.

Аннотация: В данной статье анализируется жизнь и историческая роль султана Бейбарса. Рассматриваются его героизм, лидерские качества и вклад в развитие Египетского государства. Бейбарс представлен как личность, отражающая дух героизма казахского народа. Его военные достижения и стратегии управления государством рассматриваются как уникальное явление в средневековой истории. Статья раскрывает место Бейбарса в казахской и мировой истории на основе исторических данных и современных исследований.

Ключевые слова: Султан Бейбарс, Египет, героизм, лидерство, историческое наследие.

Abstract: This article analyzes the life and historical role of Sultan Baybars. It examines his bravery, leadership qualities, and contributions to the development of the Egyptian state. Sultan Baybars is portrayed as a figure embodying the heroic spirit of the Kazakh people. His military achievements and state governance strategies are explored as a unique phenomenon in medieval history. The article highlights Baybars' significance in both Kazakh and world history based on historical records and modern research.

Keywords: Sultan Baybars, Egypt, heroism, leadership, historical legacy.

Кіріспе. Бейбарыс сұлтан – қазақ тарихының ғана емес, ислам әлемінің де маңызды тұлғасы. Оның ерекше ерлігі мен көшбасшылық қабілеттері мәмлүк мемлекетінің дамуына ғана емес, бүкіл мұсылман әлемінің қорғанысына үлкен ықпал етті. Қазақ даласында туып, құлдықтан сұлтан дәрежесіне жеткен тұлғаның өмір жолы бүгінгі ұрпақ үшін батылдықтың, адалдықтың және даналықтың жарқын үлгісі болып табылады.

Негізгі бөлім. Бейбарыс сұлтан 1223 жылы немесе 1225 жылы Дешті Қыпшақ даласында дүниеге келген. Оның әкесі Жамақ, анасы Әйнек болғаны белгілі. Сол кездегі саяси тұрақсыздық салдарынан Бейбарыс жас кезінде жаугершілікке тап болып, тұтқынға түседі. Өмір Айтегін әл-Бұндуктари оны құл базарында сатып алған соң, Бейбарыс мәмлүк әскеріне қосылады. Бұл туралы Тоғысбаев Б. мен Сужикова А. өз еңбектерінде былай дейді: «Бейбарыстың тағдыры құлдықтан сұлтандыққа дейінгі жолы – қазақ халқының батырлық рухының көрінісі» [1, 45 бет]. Бейбарыстың мәмлүк әскерінде жылдам көтерілуі оның әскери өнердегі шеберлігі мен көшбасшылық қабілеттерін көрсетеді. 1260 жылы Құтыз сұлтан қайтыс болғаннан кейін, Бейбарыс мәмлүк мемлекетінің сұлтаны болып сайланады.

Сұлтан Бейбарыстың басқаруы мәмлүк мемлекетінің гүлдену кезеңі ретінде белгілі. Оның басшылығымен мәмлүк әскері крест жорықтарына тойтарыс беріп, мұсылман әлемінің қауіпсіздігін қамтамасыз